

ҚАУЛЫ

2022 жылғы 15 тамыз

Жаңақорған кенті

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық сотының тергеу судьясы А.Б.Тубекбаева, хатшылықта Э.Т.Серикбаева отырып, Жаңақорған ауданының прокурорының орынбасары А.Саркөбеннің, қорғаушы адвокаттар К.Дуйсембаевтың, А.А.Умаровтың қатысуында, ашық сот отырысында Жаңақорған аудандық сотының сот мәжілісі залында, Қызылорда облыстық полиция департаментінің тергеу басқармасының (бұдан әрі-ОПД ТБ) тергеушісі А.О.Әділованың күдікті:

Карасай Жорабекович Аширбеков – 1971 жылғы 12 сәуірде Қызылорда облысында туған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы,* білімі жоғары, жұмыссыз, бұрын сотты болмаған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті Е.Белсенбаев көшесі №4 үй тұрғыны, ЖСН 710412302897, әрекетінің саралануы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі-ҚК-нің) 120-бабының 1-бөлігімен айқындалған, оған қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасының мерзімін ұзарту туралы өтінішхатын қазақ тілінде «бейнеконференциялық» байланыс көмегімен қарап,

А Н Ы Қ Т А Д Ы :

Сотқа ұсынылған өтінішхаттағы деректер бойынша, К.Ж.Аширбеков 2022 жылғы 17 мамырда сағат 17:00 минут шамасында Жаңақорған кенті Құрманғазы көшесінің бойынан жәбірленуші Э.Шахимеденованы өзінің тіркеу белгісі Т 041 NP174 «Opel Vectra» үлгісіндегі автокөлігіне отырғызып алып, Жайылма ауылының маңындағы шөптердің арасына, бөгде адамдардан таса жерге тоқтап, автокөліктің артқы орындығына отырған Э.Шахимеденованың жанына отырып, оған күш қолданып, киімдерін шешіп, еркінен тыс жыныстық қатынас жасағаны үшін күдіктелген.

2022 жылғы 18 мамырдағы қаулымен К.Ж.Аширбеков күдікті деп танылып, 18.05.2022 жылы Қылмыстық процесілік кодексінің (бұдан әрі-ҚПК-нің) 128-бабының талабына сай 02 сағат 00 минутта ұсталып, Жаңақорған АІПБ-нің УҰА-на оқшауландырылған.

2022 жылғы 18 мамырдағы қаулымен күдікті К.Ж.Аширбековтың әрекеті ҚК-нің 120-бабының 1-бөлігімен сараланған.

2022 жылғы 18 мамырдағы Жаңақорған аудандық сотының қаулысымен, күдікті К.Ж.Аширбековке қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы екі ай мерзімге санкцияланған.

2022 жылғы 9 шілдедегі Жаңақорған аудандық сотының қаулысымен, күдікті К.Ж.Аширбековке қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы үш айға, яғни 2022 жылғы 18 тамыз сағат 02.00 дейін ұзартылған .

Қызылорда облысының прокурорының орынбасарымен келісілген Қызылорда ОПД-нің ТБ-ның тергеушісі А.Б.Сейдаханның өтінішхатында, күдікті К.Ж.Аширбековты күзетпен ұстау мерзімі 2022 жылғы 18 тамыз 02



сағат 00 минутта аяқталатыны, ал іс бойынша күдікті К.Ж.Аширбековке қатысты тағайындалған сараптама қорытындылары күтілуде екенін, тергеу әрекеттерін жүргізу қажет екенін негіздеп, күдіктіні күзетпен ұстаудың мерзімін төрт айға дейін ұзартуды сұраған.

Сот отырысында прокурор А.Саркөбен өтінішхатты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында қорғаушы-адвокат К.Дуйсембаев өтінішхатта көрсетілген тергеу органымен тағайындалған сараптамалар қорытындыларының дайын болғанын, олармен таныскандарын, соңғы бір жарым ай тергеу әрекеті мүлде жүргізілмегенін, күдіктінің тарапынан тергеуге кедергі келтіреді деуге негіз жоқ екенін, оның қазіргі уақытта денсаулығы нашарлағанын, емделуді қажет ететінін, тергеушінің өтінішхатын қанағаттандырусыз қалдырып, оған қатысты ұйқамақ немесе кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды сұрады.

Қорғаушы-адвокат А.А.Умаров күдікті К.Аширбековтың бұрын сотты болмағанын, үш баласы барын, біреуі кәмелетке толмағанын, жүрек ауруымен ауыратынын негіздеп, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тергеушінің өтінішхатын қанағаттандырудан бас тартып, күдіктіге кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды сұрады.

Сот іске қатысушыларды тыңдап, сотқа ұсынылған құжаттарды зерттеп, тергеу судьясы Қызылорда ОПД ТБ тергеушісі А.Б.Сейдаханның облыс прокурорының орынбасарымен келісілген күдікті К.Ж.Аширбековты күзетпен ұстау мерзімін төрт айға дейін ұзарту жайлы өтінішхаты қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 151-бабының 1-бөлігінің талабына сәйкес осы Кодексте көзделген ерекше жағдайлардан басқа, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде күзетпен ұстау мерзімін екі айдан асыруға болмайды.

Аталған баптың 2-бөлігінің талабы бойынша судья санкциялаған күзетпен ұстаудың қысқа мерзімін екі айға дейін ұзарту қажет болған кезде прокурор ол аяқталардан бір тәулік бұрын тергеу судьясына қосымша жиналған материалдары бар тиісті өтінішхатты енгізеді. Тергеп-тексеруді екі айға дейінгі мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою үшін негіздер болмаған кезде бұл мерзімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның аудандық (қалалық) және оған теңестірілген прокурормен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша тергеу судьясы – үш айға дейін, ал тергеп-тексеруді үш ай мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және күдіктіні, айыпталушыны одан әрі күзетпен ұстау қажет болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен және олардың орынбасарларымен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша тергеу судьясы тоғыз айға дейін ұзартуы мүмкін.



Өтінішхатты қарау барысында күдіктіні күзетпен ұстау мерзімін ұзартуға негіз ретінде көрсетілген тергеу органымен тағайындалған сот-трассологикалық, сот-компьютерлік сараптамаларының қорытындыларының дайын болған, 2022 жылғы 12 тамызда іс бойынша тараптарға таныстырылғаны анықталды.

Алайда 2022 жылғы 30 тамыздағы комиссиялық сот-медициналық сараптамасының 2022 жылғы 21 маусымдағы №86 сарапшы қорытындысы тергеу органына жолданғанымен, тараптарға таныстырылмаған және тиісті тергеу әрекеттері жүргізілмеген. Аталған қорытындыны тараптарға таныстыру, күдікті мен жәбірленуші тұлғаларды қылмыстық іс құжаттарымен таныстыру қажеттілігіне байланысты, күдіктіні күзетпен ұстау мерзімін ұзарту жайлы өтінішхат келтіруге негіз болған.

Іс құжаттарының мұндай тұрғысында тергеп-тексеруді үш айға дейінгі мерзімде аяқтау мүмкін болмағанын ескеріп, күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасын өзгертуге немесе оның күшін жоюға негіз жоқ деп санап, тергеушінің күдіктіні күзетпен ұстау мерзімін төрт айға дейін ұзартуды сұраған өтінішхатын қанағаттандыруға жатады және күдікті Қ.Ж.Аширбековты күзетпен ұстау мерзімін төрт айға, яғни 2022 жылғы 18 қыркүйек 02 сағат 00 минутқа дейін ұзартылуға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 55 бабының 1-бөлігінің 6) тармағын, 151 бабының 2 бөлігін, 152 бабының 2 бөлігін басшылыққа алып, со

Қ А У Л Ы Е Т Т І :

Қызылорда Облыстық Полиция Департементінің Тергеу басқармасының тергеушісі А.Б.Сейдаханның әрекеті Қазақстан Республикасы ҚК-нің 120-бабының 1-бөлігімен айқындалған күдікті Карасай Жорабекович Аширбековты күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхаты қанағаттандырылсын.

Күдікті Карасай Жорабекович Аширбековты күзетпен ұстау мерзімі 4 (төрт) айға дейін, яғни 2022 жылғы 18 қыркүйек 02 сағат 00 минутқа дейін ұзартылсын.

Қаулы көшірмесін дереу қылмыстық қудалау органына орындау үшін, прокурорға, күдіктіге хабарлама ретінде жолдансын.

Қаулыға наразы жағы қаулы жарияланған кезден бастап үш тәулік ішінде Жанакорған аудандық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Жанакорған аудандық сотының
тергеу судьясы:

А.Б.Түбекбаева

